

ЖЕКЕ МЕМОРАНДУМ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекетті тіркеуі инвесторларға мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты, жеке меморандумда сипатталған қандай да болын ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген барлық ақпараттың дәйектілігін және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылдыруға әкеп соқтырмайтынын растайды.

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес әмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - әмитенті үшін) немесе занды тұлға ретінде тіркелгенін раставтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент әмитенті үшін) әмитенттің толық атауы)

Толық атауы

Қазақ тілінде	"Өнеркәсіпті дамыту қоры" акционерлік қоғамы
Орыс тілінде	Акционерное общество "Фонд развития промышленности"
Ағылшын тілінде	"Industrial Development Fund" Joint Stock Company

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде	"Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ
Орыс тілінде	АО "Фонд развития промышленности"
Ағылшын тілінде	"Industrial Development Fund" JSC

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі

050940001237

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі.

- облигациялардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар
- облигациялардың саны: 500 000 (бес жүз мың) дана
- облигациялар шығарылымның жалпы көлемі: 500 000 000 (бес жүз миллион) Юань, Рэнминби

Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

облигациялардың өтеу мерзімі бар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосынша көрсетіледі)

1 000 (бір мың) Юань, Рэнминби

3) облигацияның номиналды құнының, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Юань, Рэнминби

Бұл құжат КР 2003 жылдың 7 қантарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңының 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписью" равнозначен документу на бумажном носителе.



4) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшері

облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің: Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналысының бүкіл мерзімінде өзгермелі болып табылады.

Облигациялар бойынша купондық сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі тиісті купондық кезең үшін 3 айлық Shibor мөлшерлемесінің мәніне негізделген әрбір 3 (үш) ай сайын мынадай формула бойынша белгіленеді: $R = R.3MSHIBOR + R.FM$,

мұндағы:

R – купондық сыйақы мөлшерлемесі, жылдық %;

$R.3MSHIBOR$ – Бейжін уақыты бойынша 11:00-де (www.shibor.org/shibor/homeen/) интернет-ресурсында Шанхай Interbank Offered Rate жариялаған 3 айлық Libor мөлшерлемесі облигациялардың айналысы басталатын күнге дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын (бірінші купондық кезең үшін) және одан әрі тиісті купондық кезеңдерін басталу күніне дейін (екінші және кейінгі купондық кезеңдер үшін).

$R.FM$ – тұрақты маржа, 1,95 пайыздық тармаққа тең

Купондық сыйақының есептелген мөлшерлемесі ең жақын төртінші мыңдық белгіге дейін дөнгелектенеді.

қосымша сыйақы мөлшері: 0 %

Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алуудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқигалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы жоқ.

Облигацияларды өзге де мүліктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде облигациялар айналысы басталған күннен бастап әр 3 (үш) ай сайын жылына 4 (төрт) рет жүргізіледі.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және әмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төленетін кезеңдерінде аяқталуына 6 (алты) жұмыс күні қалғанда болатын күннің басында (облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуі жүзеге асыратын "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі-Тіркелген күні) төленеді. Облигациялар бойынша сыйақы төлеуді Әмитент қытай юанімен облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақшаны Тіркеу күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде аудару арқылы жүзеге асырады.

Сыйақы тиісті купондық кезең үшін номиналды құнның және купондық сыйақы мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі.

Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Сыйақы төлеуді Әмитент 365/факт (жылына үш жұз алпыс бес күн/айналыстың барлық мерзімі

Бұл құжат КР 2003 жылдың 7 қантарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңының 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписью" равнозначен документу на бумажном носителе.



ішінде бір айда нақты күндер саны (actual) есебінен жүргізеді.

Облигациялар бойынша сыйақы бойынша барлық төлемдерді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

сыйақыны төлеу кезеңділігін: Тоқсан сайын

6) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шыгарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді

Облигациялар айналысының басталу күні "Қазақстан қор биржасы" АҚ қағидаларына сәйкес өткізілетін облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттықты өткізу күні болып табылады. Алғашқы өткізілген сауда-саттықтың қорытындылары бойынша айқындалған облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) интернет-ресурсында жарияланатын болады.

облигациялар мерзімі

Жылдар: 5

Айлар: 0

Күндер: 0

7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шыгарған жағдайда толтырылмайды)

облигацияларды өтеу күні

Облигациялардың айналысының аяқталу күні – облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні.

облигацияларды өтеу тәсілі

Облигациялар облигациялардың номиналды құны бойынша соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінің (бұдан әрі – Өтеу кезеңі) алдындағы 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеледі.

Облигацияларды өтеу кезеңінің бірінші күнінен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Эмитент қытай юанімен облигацияларды өтеуге арналған соманы есепке алу үшін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да ашылған шотқа әрбір облигация ұстаушысына төленуге тиісті сома туралы ақпаратты қамтитын облигация ұстаушыларының тізімін қоса берे отырып аударады. Эмитенттен ақша алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде, бірақ осы шарттармен белгіленген облигацияларды өтеу мерзімі аяқталатын күннен кешіктірмей не өзге мерзімде, егер өзге мерзім уәкілетті органның тиісті нормативтік құқықтық актісімен белгіленген болса, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ эмитенттен алынған ақшаны көрсетілген төлемді алуға құқығы бар облигацияларды ұстаушылардың және облигацияларды өтеу кезеңінің алдындағы күннің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген банк шоттарына аударуды жүзеге асырады.

Барлық төлемдер – сыйақы төлеу және Облигациялардың негізгі борышының сомасын өтеуді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

8) облигациялар айналысын жүргізу жоспарланып отырган нарық (багалы қағаздардың үйымдастырылған және (немесе) үйымдастырылмаган нарығы)

Бұл құжат КР 2003 жылдың 7 қантарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңының 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписью" равнозначен документу на бумажном носителе.



Облигациялардың айналысы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жоспарланады.

4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шыгару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі.

Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздемесе, бұл мән-жай көрсетіледі.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі қарастырылмаған

5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері
- 2) облигациялар ұстаушыларга негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің менишік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі
- 3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруга байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі
- 4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шыгарылған түрлі шыгарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)
- 5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанагаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) оригиналордың, кастодиан-банктиң, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқага берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері
- 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригиналор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері
- 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі

Бұл құжат КР 2003 жылдың 7 қантарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңының 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі**
- 5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлишемшарттары**
- 6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шыгарылған түрлі шыгарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)**
- 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанагаттандыру тәртібі мен кезектілігі**

Жатпайды

7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүлкітің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы**

Қолданылмайды. Бұл шығарылымның облигациялары кепілдікпен қамтамасыз етілмеген.

- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы**

0%

- 3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі**

Қолданылмайды. Бұл шығарылымның облигациялары кепілдікпен қамтамасыз етілмеген.

8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)

Жатпайды

9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

- 1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі**

Облигацияларды орналастырудан түсken қаражат Эмитенттің айналым қаражатын толықтыруға, оның ішінде қаржыландыру құралдарын ұсыну мақсатында бағытталатын болады.

- 2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуга байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шыгару жөніндегі негізdemelіk бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі**

- 3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Багалы қағаздаррын туралы заңның 20-1-бабының 3-тармагында белгіленген жобаларга сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі**

- 4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруга осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Багалы қағаздаррын туралы заңның 20-1-бабының 4-тармагында белгіленген жобаларга сәйкестігі**

Бұл құжат КР 2003 жылдың 7 қантарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписью" равнозначен документу на бумажном носителе.



туралы ақпарат келтіріледі

5) Орнықты даму облигацияларын шыгарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Багалы қағаздаррындың заңынан 20-1-бабының З және 4-тармақтарында белгіленген жобаларга сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шыгарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашууды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алған ақша пайдаланылған жоба Багалы қағаздаррындың заңынан 20-1-бабының З және 4-тармақтарында белгіленген жобаларга сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

7) Орнықты дамуга байланысты облигациялар шыгарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуіді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуга байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашууды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

8) Орналастырудан түсken ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шыгарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Бұл шыгарылымдағы облигациялар "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, орнықты дамуга байланысты облигациялар және инвестициялық облигациялары емес.

10. Облигация үстаушыға берілетін құқықтар

- 1) осы Облигациялардың жеке меморандумымен көзделген тәртіппен және мерзімдерде номиналды құнды алу құқығы;
- 2) осы Облигациялардың жеке меморандумында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларды еркін иеліктен шығару және өзге де жолмен билік ету құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және эмитенттің ішкі қағидаларында және "Қазақстан қор биржасы" АҚ талаптарында көзделген тәртіппен эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 6) Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және осы жеке Меморандумда көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда облигацияларды сатып алуды талап ету құқықтары;
- 7) облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар

Бұл құжат КР 2003 жылдың 7 қантарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңынан 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписью" равнозначен документу на бумажном носителе.



Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі обигацияларды сатып алушы талап етуге өз құқықтарын өткізуінің шарттары, тәртібі мен мерзімдері бұдан әрі осы тармақшада көрсетілген: а) егер Эмитент "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі обигацияларды сатып алушы талап етуге құқығы бар.

Эмитент "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 15-бабы 2-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген шарттарды өзгертуге облигацияларды ұстаушылардың келісімі болған жағдайларды қоспағанда, жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша облигацияларды сатып алуға міндетті.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған жағдайда, Эмитент орналастырылған облигацияларды төмендегідей бағалардың ең үлкені бойынша сатып алушы жүзеге асыруға міндettі: (i) жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; (ii)кор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған облигациялардың нарықтық бағасы (мұндай баға болған кезде); (iii) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға (егер Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспесе).

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитенттің (www.idfrk.kz), Биржаның (www.kase.kz) және қаржылық есептілік депозитарийінің ресми (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды сатып алу үшін негіздеменің туындағаны туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндettі. Бұл ақпарат облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысының орын алғаны туралы толық сипаттаманы, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген Ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген облигациялардың санын көрсете отырып, жазбаша сатып алу туралы өтініштер беруге құқылы, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтініштер қабылдауға міндettі.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда Эмитенттің Директорлар Кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде:

- облигацияларды сатып алу;
- облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын облигациялар саны;
- облигацияларды сатып алушы өткізу күні – бұл ретте сатып алушы өткізу күні Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей белгіленуге тиіс;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (A) облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға облигацияларды ұстаушылардың тізілімін

Бұл құжат КР 2003 жылдың 7 қантарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписью" равнозначен документу на бумажном носителе.



жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге бұйрықтар беру тәртібі және (б) облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі шешімдер;

- Эмитенттің облигацияларды сатып алудың ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер қабылдауға міндетті.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитенттің (www.idfrk.kz), биржалардың (www.kase.kz) және қаржылық есептілік депозитарийнің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті акпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына осындаш шешім қабылдау туралы акпаратты жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиис:

- осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып, облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын облигациялар саны;
- облигацияларды сатып алу күні;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (а) облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

- Эмитенттің облигацияларды сатып алудың ұйымдастыруға қажетті басқа акпарат.

Орналастырылған облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Эмитент жүзеге асырады.

б) осы жеке Меморандумда көзделген дефолт оқиғасы туындаған жағдайда.

Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқығын өткізу тәртібі мен мерзімдері осы жеке меморандумың 11-тармағында көрсетілген.

8) облигацияларға меншік құқығынан туындастырылған жағдайда.

Сонымен қатар, облигацияларды шығару шарттарында Эмитенттің облигацияларды сатып алу құқығы қарастырылған. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өз облигацияларын (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында) облигациялар орналастырылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін сатып алуға құқылы. Эмитенттің облигацияларды сатып алу Бағасы, Сатып алу тәртібі, шарттары мен мерзімі Эмитенттің Директорлар Кеңесінің тиісті шешімімен айқындалатын болады. Бұл ретте, сатып алынған облигациялар өтелген деп есептелмейді және оларды Эмитент қайта сатуы мүмкін.

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шыгарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Багалы қағаздаррыногы туралы заңының 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Облигациялардың өтеу мерзімі бар.

11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент қолданатын шаралар

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі - Дефолт оқиғасы), Эмитенттің осы жеке меморандумда белгіленген мерзімдерде облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінана немесе толық орындауы болып табылады.

Бұл құжат КР 2003 жылдың 7 қантарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңының 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписью" равнозначен документу на бумажном носителе.



Жауапкершіліктен босату. Осы жеке меморандумда белгіленген мерзімдерде эмитенттің облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі, егер мұндай төлемеу және (немесе) толық емес төлем Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының дұрыс емес не толық емес деректемелерін алуының, Эмитенттің сыйақы және (немесе) номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын не компанияға облигацияларды ұстаушылар тізлімін эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде ұсынбауының нәтижесі болса дефолт болып табылмайды. Егер бұл орындау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Эмитент осы жеке меморандум бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуы болжай немесе алдын алу мүмкін болмайтын мән-жайлар (дүлей құбылыстарды, әскери іс-қымылдарды, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) деген ұғымды білдіреді. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда эмитенттің осы жеке меморандум бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне пропорционалды турде кейінге қалдырылады.

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент мұндай дефолт оқиғасын тудырған себептерді жоюға және облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз етуге бар күшін салады.

Эмитент қабылдайтын шаралар, Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген басқару, қайта ұйымдастыру, Инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге де рәсімдерді, сондай-ақ облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі рәсімдерді, оның ішінде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қамтиды.

Эмитент дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты осы жеке меморандумның осы тармағында көрсетілген тәсілдерді қолдана отырып, мерзімдерде, тәртіппен облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау қажет болған жағдайда, ол облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналышын шақыруды бастайды. Бұл ретте облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналышы дефолт оқиғасы басталған күннен кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірілмей өткізілуге тиіс.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналышының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) осы Шарттарға ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс.

Егер облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналышын өткізу қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс шаралар жоспары бекітілмеген және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін остигі туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ, егер Эмитент борышкер кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмаған кезде туындағын коғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімдерде облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындаған болса, Эмитенттің және облигацияларды ұстаушылардың немесе облигациялар бойынша талап ету құқықтарының одан әрі әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналышын өткізу қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің директорлар кеңесі облигация оны ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент

Бұл құжат КР 2003 жылдың 7 қантарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңының 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписью" равнозначен документу на бумажном носителе.



облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі.

Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Эмитенттің директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредит берушілердің келісімімен, оның ішінде облигациямен оны ұстаушыға беріетін құқықтар ескеріле отырып қабылдайды.


Эмитенттің кінәсінен облигациялар бойынша сыйақы және (немесе) облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құны төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушыларға ақшалай міндеттеме орындалған қүнге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін, мерзімі өткен әрбір күн үшін негізгі міндеттеменің сомасын және өсімпұлды төлеуге міндетті.

Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-эрекеттерін аудару, Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындалмаған не тиісінше орындалмаған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың эмитентке талап қоюмен жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты Эмитенттің назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:

Эмитент облигациялар бойынша дефолт оқиғасы басталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.idfrk.kz) корпоративтік интернет-ресурсында, "Қазақстан қор биржасы" АҚ интернет-ресурстарында (www.kase.kz) және қаржылық есептілік депозитарийінде (www.kase.kz) хабарлама орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың дефолт фактісі туралы хабардар етеді. Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

- i. дефолт фактісі туралы ақпарат;
- ii. орындалмаған міндеттемелердің көлемі;
- iii. облигациялардың халықаралық сәйкестендіру нөмірін, облигациялардың түрін, орналастырылған облигациялардың санын, купондық мөлшерлеменің мөлшерін, дефолт күнін, сыйақы бойынша берешек сомасын, негізгі борыш бойынша берешек сомасын, реттелмеген борыш қалдығын көрсете отырып, міндеттемелерді орындалмау себебі;
- iv. облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал әрекеттерін аудару және облигацияларды ұстаушылардың эмитентке қойылатын талаппен жүгіну тәртібі;
- v. Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындалмаған не тиісінше орындалмаған жағдайда Эмитент қабылдаған шаралар;
- vi. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Үәкілетті тұлға:



ИБРАШЕВА ЖАНАР
ШАТЫРХАНОВНА
(тегі, инициалдары)

Электрондық цифрлық қолтаңба:

Бұл құжат КР 2003 жылдың 7 қантарындағы "Электронды құжат және электронды сандық кол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

